

егемен

ҚАЗАҚСТАН

Қол ұшы тарыққанда сезіледі

Кімде-кімнің болса да қолындағы барын тағамнан аямайтындығы аян. Сондықтан басқа-басқа, корек бағасына көңіл алаңдығы бөлек екені баршамыздың басымыздағы жай. Әсіресе, қазіргідей бәр-бәрінің нарқы шырқап тұрған шақта бұрынғыдай үйреншікті бағамен сатып алынатын өнімдер ұшырасып жатса таңырқарлықтай көрінетіні де бар.

Әрине, бір жағынан бұған сүйсініп қаларыңыз хақ. Қайдағы жоқ қатер қаптатылып, сан сылтау төндіріліп, не нәрсенің түгелі қымбаттауына қызықпай, сол дүрмекке қосылмай, сабыр сақтағандар арасында “ҚарағандыАгроОрталық” ЖШС үлгілі үрдісі жергілікті жұрт ризалығын тудырып жүргенін айтар едік. Қарасаныз, ебі жарастырылса, ең бастысы ынта-ниет танытылса мұндай қысылтаяндылықты тереңдетпеуге, жаппай қыспақ тығырына тірелтпеуге мүмкіндік табылады екен. Соның жолын іздеп, көпшілік қамын күйттеп, игі іске мұрындық болып отырған бұл құрылым жұмысының мән-маңызы бұл күнде айрықша байқалуда десек, асыра айтқандық болмас.

Бұдан жеті жыл бұрын құрылған ол содан бері ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өз өнімдерін коммуналдық базарлар арқылы қала тұрғындарына тікелей өткізе алуына қолғабыс жасап келеді. Мұның тәсілін қысқаша түсіндіргенде, шаруа қожалықтарымен алдын-ала келісім жасалып, күзде қоймаға қабылданып, сақталатын өнім төлемі күні бұрын толық өтеліп қояды. Мәселен, биыл Теміртау мен Абай қалаларының маңайындағы жерлерде көкөніс өсірушілерден 3 мың тонна картоп, 1 мың тонна капуста, 500 тонна сәбіз, 150 тонна қызылша сатып алынды. Бұл өнімдер бүгінде аталған серіктестіктің коммуналдық базарларында өзге сауда орындарымен салыстырғанда, тұтынушыларға 30-40 пайызға арзан бағамен ұсынылып жатыр. Шаруа қожалықтары өнімдерін тапсырып, көңілдері орнықса, серіктестік қоймасы көкөніс түрлеріне жеткіліктілігіне тоқ, сатып алушылар оның қалыпқы бағасынан ауытқымайтындығына сенімді. Сөйтіп, үш жаққа да қолайлылығы бірдей тиіп отыр.

Сөз орайында осы істің ілкімді бола түсуіне Қарағанды қаласы тарапынан да көмектің үлкен септік етіп отырғандығын атап өткен жөн. Соның ішінде былтырдан бастап картоп пен көкөніс өсірушілерге қалалық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен

үстемесіз несие берілуі оған одан сайын ынта кеңейтті. Оны алу үшін өз өнімдерін арзан бағаға ұсынушылар тендер бойынша жеңімпаз атанады. Бұлар биыл 245 миллион теңге несие алды. Бұлайша қолдау, ынталандыру жақсы-ақ. Тек осы орайда астық, ет өндіретін шаруашылықтарға да осындай мүмкіндіктер қарастырылса деген ойды ескерте кетпесімізге болмайды. Олар да сондай көмекті күтетіндігі анық. Айналып келгенде қажетті өнім түрлерін өндірушілер қатарын ұлғайту арқылы қаланың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатын кешенді шешуге барлық күшті ұйыстыру қажеттігі сезіледі.

Айта кету керек, “ҚарағандыАгроОрталық” өз қарамағындағы сауда орындары сөрелерінен көкөністі жыл бойы үздірмеуге ұмтылысымен де жұрт көңілінен шығу үстінде. “Оңтүстік” әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарынан ерте піскен бау-бақша жемістерін жеткізіп тұруға меморандум жасалуы соған байланысты қадам. Міне, екі жылдан бері қарағандылықтар мен теміртаулықтардың, балқаштықтар мен жезқазғандықтардың жаз шыға-ақ көкөністің, жеміс-жидектің неше түріне кенелуге және төмен бағамен сатып алуға қолдары жетіп жүр. Жалпы алғанда алыстан жеткізілген, жергілікті өнімдер мәселен, Қарағандыда 7 нүктеде сатылады. Олар жұртқа жақсы танымал. Тұтынушылардың қалың бөлігі қалағандарын содан табады, еш қысылыссыз дорба толтырып қайтады. Алдағы уақытта қосымша 15 павильон ашылғалы тұр. Осындай жайлар алдан шыққанда, жасырарлығы жоқ, бағаның ырыққа көнбейтіндігі туралы пікірталастарға ойланып қалады екенсің. Әлбетте, ауыздықталуына шара қолданбаса, еркіне жіберілуіне тұсау салынбаса солай болатын шығар. Әйтсе де жоғарыда аталған серіктестік іс-қызметі байқататынындай амалы баршылық көрінеді. Бір тәуірі, бұл облыстағы жалғыз-жарым талпыныс еместігі мәселе күрделенбестігіне үміттендіреді. Бұрын аз уақыт қана өткізілетін ауыл шаруашылығы жәрменкелерінің бұрнағы жылдан бері қазаннан желтоқсанға дейін қатарынан үш айға дейін ұласуын қалалар тұрғындары асыға күтуге айналды. Дәл қыс алдында арзан бағалы азық-түлікпен қамданып қалуға мүмкіндіктерін пайдалануға тырысады. Өндірген өнімдерін еш делдалсыз сатуға, еш кедергісіз, қосымша төлемдерсіз өткізуге ынта итермелеген ауыл еңбеккерлері артық дау-дамайсыз жиған-тергенін ұсынуға күштар.

Ауыл мен қала тұрғынына пайдалы жағы бірдей бұл жәрмеңкелер тиімділігі жылдан-жылға өсе түсуде. Былтыр 396 миллион теңгенің азық-түлігі сатылса, биыл 500 миллион теңгеге жуықтауы жобаланған.

Тағы бір тоқтала кететін жай, өнім өндірушілердің ірі құрылымдарымен және базарлармен сауда-саттық орындарын жалға алуға бағаны өсірмеу, электр қуатын қамтамасыз ететін кәсіпорындармен нан пісірушілер үшін тарифті сақтау жөнінде меморандумдар бекітілуі инфляциялық үдерісті біршама тежеуге ықпал етті. 120,8 мың тонна астық қоры жасалып алынуы ұн өнімдеріне нормативті тұтынымды толық қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Шындықтан қайда қашарсыз, айналадағы дүние мазасыз. Әлемдегі экономикалық дағдарыс бізді де айналып өтпесі талассыз. Байқап қарасак, бұл бірінші қиындық еместей. Соларды көрген, өткерген тәжірбие бар, алынған сабақ бар. Соны қолдана білудің ұшқыны мұнымен шектеліп қалмаса дейсіз. Қол ұшы тарыққанда сезіледі.

Мұны қарағандылықтар біле түсуде

Айқын НЕСІПБАЙ, Қарағанды.